



ҚАУЛЫ

2025 жылғы 29 желтоқсан

Шымкент қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 6897

город Шымкент

**Сауда-саттыққа (аукциондарға)
шығарылатын жер учаскелерінің
тізбесін қалыптастыру және
бекіту туралы**



Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 бұйрығымен бекітілген Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларына сәйкес, және Шымкент қаласының Бас жоспары негізінде, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес сауда-саттықта (аукциондарға) шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі қалыптастырылсын.

2. «Шымкент қаласының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы қаулыдан туындайтын барлық шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуы Шымкент қаласының жер қатынастары басқармасының басшысы А. Исламовқа жүктелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

Шымкент қаласының әкімі



Г. Сыздықбеков

0030347



Шымкент қаласы әкімдігінің

2025 жылғы «__» _____

№ _____ қаулысына қосымша

**Жер аукционында сауда нысанасы болып табылатын жер учаскелері
сондай-ақ, жер учаскелерін жеке меншікке беру құқықтарының**

ТІЗІМІ

Лот №	Мекен жайы (орналасу орны)	Алаңы (га)	Нысаналы мақсаты	Табыстау құқығы	Бастапқы құны (теңге)
1	Абай ауданы, 029 орам, нөмірсіз	0,0032 га	антенна мачталық құрылымын орнату үшін	Уақытша 5 жылға жер пайдалану құқығы (жалға алу құқығымен)	128 614
2	Абай ауданы, Асар шағын ауданы, нөмірсіз	0,0016 га	антенна мачталық құрылымын орнату үшін	Уақытша 5 жылға жер пайдалану құқығы (жалға алу құқығымен)	56 269
3	Абай ауданы, Қайнарбұлақ тұрғын үй алабы, нөмірсіз	0,0018 га	антенна мачталық құрылымын орнату үшін	Уақытша 5 жылға жер пайдалану құқығы (жалға алу құқығымен)	31 651
4	Әл-Фараби ауданы, нөмірсіз	0,0009 га	антенна мачталық құрылымын орнату үшін	Уақытша 5 жылға жер пайдалану құқығы (жалға алу құқығымен)	27 130

00303 17